

ӘОЖ 478.15

**ЖУРНАЛИСТЕРДІ ҚАРУЛЫ ҚАҚТЫҒЫСТАРДА ҚОРҒАУДЫҢ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қабдыл Нұрбибі
kabdylova123@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Халықаралық журналистика» мамандығының
магистранты, Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан

6822

Журналистер мен бұқаралық ақпарат құралдарында (БАҚ) қызмет атқаратын өзге де қызметкерлер өздерінің кәсіби міндеттерін қарулы қақтығыс жағдайында орындау кезінде өлтіру, адам ұрлау, жазықсыз тергеуде ұстау, азаптау, мәжбүрлі түрде қызметтен кетіру, жер аудару, қудалау, аңду, адамды тінту, мүлікті тәркілеу, қоқан-лоққы көрсету және басқа да халықаралық құқықтың қолданыстағы ережелері мен қағидаларын өрескел бұзу сынды зорлық-зомбылыққа тап болып жатады. Қарулы қақтығыс жағдайында орын алатын журналистерге қарсы бағытталған мұндай қылмыстық іс-әрекеттер осы қақтығыстар жайлы өте маңызды ақпарат ағындарының еркін алмасып-таралуына, құрбандар жайлы статистикалық ақпараттардың елге жариялануына және сол арқылы сөз бостандығының негізгі құқығын бұзады.

Қарулы қақтығыс жағдайында сөз бостандығы мен журналистердің құқықтарын халықаралық-құқықтық қорғау кепілдіктерін қамтамасыз ету мәселелерін шешу – БҰҰ, ЮНЕСКО, Халықаралық Журналистер Одағы, сондай-ақ «Журналистердің құқықтарын қорғау комитеті» және бірқатар халықаралық құқық қорғау және кәсіби ұйымдар қарамағындағы арнайы комиссиялардың зерттеу нысаны.

Қарулы қақтығыстар кезінде журналистерге қарсы қылмыс жасағаны үшін жазасыздықтың кеңінен етек алуы – олардың құқықтарының халықаралық-құқықтық қорғаудың негіздерін нығайтуға кедергі болатын негізгі факторлардың бірі. «Журналистердің құқықтарын қорғау комитеті» халықаралық үкіметтік емес ұйымының мәліметтері бойынша соңғы жылдары кәсіби қызметін атқару барысында қаза тапқан журналистер саны жылдан жылға тұрақты түрде артып келеді. Мысалы, 2018 жылдың қарашасында 2000 жылға қарағанда екі жарым есе көп журналист қаза болған. Жалпы алғанда, 1992 жылдан 2021 жылға дейін ресми деректер бойынша ғана 1399 журналист қаза тапты. Сонымен қатар, кәсіби қызметіне байланысты қарулы қақтығыстарда қаза тапқан журналистердің шамамен үштен екісі – мақсатты кісі өлтірудің құрбандары. Алайда, соған қарамастан журналистерге қарсы бағытталған қылмыстардың ашылу деңгейі өте төмен деңгейде қалып отыр. Осының салдарынан қылмысқа жауаптылардың жазасыз қалуының жоғары деңгейі сақталады [1].

Егер қарулы қақтығысқа қатысты журналисттің ұстанымы мемлекеттің ресми ұстанымына қайшы келсе, оның қудалау құрбаны болу мүмкіншілігі өте жоғары. Расталған деректерге сүйенетін болсақ, 2020 жылдың өзінде 274 журналисттің осы себеп бойынша түрмеге жабылғандығы расталды. Оппозициялық журналистердің бостандығын шектеу тәжірибесі (көп жағдайда халықаралық емес қарулы қақтығыстарға ауысатын) халықаралық шиеленісті жағдайларға әсіресе тән. 2000 жылмен салыстырғанда кәсіби қызметі үшін түрмеде отырған журналистердің жалпы саны үш есе артты [2].

Қарулы қақтығыстарда сөз бостандығы құқығына берілетін кепілдіктерді реттеу халықаралық құқықтың екі құжаты реттейді: бір жағынан – қарулы қақтығыс жағдайында әр түрлі субъектілердің мінез-құлқын реттеуге бағытталған халықаралық гуманитарлық құқықтың халықаралық-құқықтық нормалары; екінші жағынан – заманауи әлемде қолдану нысаны шартталмаған адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын сақтау кепілдіктерін белгілейтін халықаралық адам құқығының халықаралық-құқықтық нормалары.

Сөз бостандығы құқығы әр түрлі бағытта және мақсатта жұмыс істейтін халықаралық-құқықтық нормаларда бекітілгеніне қарамастан, бұл құқықтың мәнін және оны рұқсат етілген шектеулер аясында жүзеге асыруды бейнелейтін өкілеттіктердің жүзеге асырылуы халықаралық құжаттардағы құқық қолдану тәжірибесінде өзгешеленеді. Осындай айырмашылықтардың болуы халықаралық құқық тәжірибесінде «екіжақты стандарттарды» қолдануға, айта кетсек – жекелеген мемлекеттердің сыртқы және ішкі саяси мақсаттарға қол жеткізу мақсатымен өкілеттіктердің ауқымын анықтауға қатысты әртүрлі тәсілдерді бұрмалап пайдалануға (оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарының қызметіне және

журналистердің кәсіби қызметіне шектеулердің белгілі бір деңгейлерді белгілеу) себеп болуы мүмкін. Осыған байланысты сөз бостандығы мен пікірді еркін білдіру бостандығына кепілдік беру мәселелерінде халықаралық құқық нормаларын түгендеп, сол құжаттардағы күрделі тұжырымдамалардың түсіндірілуінің біртұтастығын қамтамасыз ете отырып, сөз бостандығына деген құқықтың мәнін де, осы құқықты жүзеге асырудағы тиісті шектеулердің де біртұтас анықтамамен берілуін қамтамасыз ету ұсынылады.

Қарулы қақтығыстардағы журналистердің құқықтық мәртебесінің ерекшеліктерін талдайтын зерттеулерге сәйкес, құқықтық мәртебе мәселесіне қатысты екі көзқарас бар. Халықаралық гуманитарлық құқық нормаларына сәйкес, қауіпсіздік кепілдіктерін қамтамасыз ету мақсатымен журналистер бейбіт тұрғындарға теңестірілген және арнайы құқықтық мәртебеге ие емес. Соғыс құрбандарын қорғау жөніндегі 1949 жылғы Женева конвенциясы мен оларға қосымша хаттамалардың әзірлеушілерінің пікірінше құқықтық мәртебенің ерекшеліктері сол соғыс құрбандарының санатына байланысты анықталуы керек. Мәселен, журналистер – қарулы күштерде аккредиттелген соғыс тілшілері және қауіпті іссапарларға аттанатын «тәуелсіз» журналистер деп екіге бөліп қарастырылады.

«Онлайн» режимінде жұмыс істейтін, кәсіпқой және арнайы журналистік білімі жоқ, салыстырмалы түрде «кәсіби емес», бірақ ақпаратты құжаттау мен таратуда маңызды рөл атқаратын журналистердің саны артып келеді. Осы санаттағы мамандандар санының артуымен қатар оларға қарсы бағытталған осындай онлайн журналистердің аккаунттарын бұзу, олардың ғаламтордағы әрекеттерін аңдып тінту, қамауға алу және қинау, биліктегі басқару органдарының ресми ұстанымына сәйкес келмейтін материалдар жүктелетін сайттарды бұғаттау және т.б. сияқты қылмыстар саны да артып келеді. «Журналистердің құқығын қорғау комитетінің» мәліметтері бойынша 2018 жылы өлтірілген журналистердің 30%-ы фрилансерлер (немесе «кәсіби емес журналистер») болды, ал ең қауіпті қызметті фотографтар мен бейнематографистердің атқаратыны анықталды [1].

Қарулы қақтығыс жағдайында жұмыс істейтін журналистерге арнайы мәртебе беру қазіргі кезде орынсыз. Алайда, халықаралық гуманитарлық құқық шеңберінде журналистер санатына – репортерлар, тілшілер, фотографтар, операторлар, бейнелеушілерді, олардың БАҚ, радио, кино, теледидарлық және электрондық-әлеуметтік бұқаралық ақпарат құралдары (ғаламтор) саласындағы көмекшілерді жынысына және ұлттық немесе діни көзқарастарына қарамастан, толық немесе толық емес уақыт бойынша тұрақты түрде қызмет ететін барлық азаматтық тұлғаларды енгізу қажет.

Егер журналист қарулы қақтығыс аймағында қауіпті іссапарға аттанса, онда ол азаматтық мәртебеге ие және сәйкесінше, азаматтық тұлғаларға берілген тиісті құқықтарды, сондай-ақ құқық қорғаудың тиісті кепілдіктерін пайдаланады. Егер журналистердің мүлкі тікелей әскери мақсатта қолданылмаса, оларға шабуыл жасауға, олардың мүлкін бүлдіруге немесе сындыруға жол берілмейді. Журналистің денсаулығына айтарлықтай зиян келтіруге немесе өлімге әкеп соқтыратын алдын-ала жоспарланған, мақсатты не қасақана жасалған қылмыс халықаралық гуманитарлық құқық бойынша ауыр құқық бұзушылыққа жатқызылып, әскери қылмыс болып есептеледі.

Халықаралық гуманитарлық құқықтың жалпыға ортақ құқықтық ережелері журналистер құқықтарын қорғаудың белгіленген кепілдіктеріне қарамастан, тиісті қорғаныс шектерін белгілеу арқылы осы кепілдіктерді шектеуге мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда заңгер ғалымдар қорғауды жүзеге асырудың шегі мен оның тоқтатылуын көздейтін қорғау құқығының шектерін ажыратады. Қорғау шектері нақты қорғаудың құқықтық күйін тоқтатуды көздейді. Осы тұрғыда бұл шектеулер міндетті түрде журналистің қорғау құқығынан толық айырылуын білдірмейді; бірақ қорғау құқығының қағаз бетінде сақталғанына қарамастан, бұл қорғаудың жүзеге асырылмайтынын білдіреді. Қорғаныс құқығының тоқтатылуы автоматты түрде нақты қорғауды жоғалтуға әкеп соғады. Құқықтың формалды сақталуына байланысты және қоршаған орта жағдайының өзгеруіне орай нақты қорғанысты әлі де қайтаруға болады.

1949 жылғы Женева конвенцияларының екінші және үшінші Хаттамаларына сәйкес қарулы қақтығыстар халықаралық әскери қақтығыстар және халықаралық емес сипаттағы әскери қақтығыстар болып екі негізгі түрге бөлінеді. Алайда қазіргі таңда ішкі мемлекеттік қақтығыстардағы бір тараптың шетел мемлекетінің белсенді қолдауына ие болған квази-соғыс мысалдары көбейіп келеді. Мұндай қарулы қақтығыстарды «интернационалдық әскери қақтығыстар» атты тәуелсіз топқа бөліп қарастырған жөн. Себебі, халықаралық емес сипаттағы әскери қарулы қақтығыстарды анықтайтын нақты критерийлердің болмауы салдарынан, ішкі гуманитарлық қақтығыстар кезінде, әсіресе, журналистерді қорғау саласында, халықаралық гуманитарлық құқық нормалардың қолдану аясын тарылтады [3].

Қазіргі заманғы халықаралық гуманитарлық құқық мемлекеттің егемендігін қорғау мәселелеріне байланысты, халықаралық емес сипаттағы әскери қарулы қақтығыстарда қызметін атқару кезінде журналистерге айтарлықтай шектеулі кепілдіктер береді. Ішкі жанжалдарға халықаралық емес сипаттағы қарулы қақтығыстың құқықтық мәртебесін беру үшін зорлық-зомбылықтың белгілі бір жоғары қарқындылығы қажет; бұл – осы құқықтық мәртебені анықтау барысында деректерді бұрмалауға мүмкіндік береді. Мысалы, жанжалдың мәртебесін «лаңкестікке қарсы операция» деп анықтау арқылы тек ішкі құқықтық заңнамалар мен адам құқықтары туралы халықаралық заңдардың ғана қолданылуын жүзеге асыруы мүмкін. Журналистердің сөз бостандығы құқығын қорғаудың қолданыстағы құқықтық нормалары мен кепілдіктерінің өзі де ішкі қарулы қақтығыстарда толық сақталмайды.

Қарулы қақтығыстарды халықаралық гуманитарлық құқықта халықаралық және халықаралық емес сипаттағы әскери қарулы қақтығыстар деп бөлу тұжырымдамасының негізделуіне қарамастан, қазіргі ішкі қақтығыстардың ерекшеліктеріне орай бұл тұжырымдаманы іс жүзінде қолдануда қиындықтар туындайды. Қарулы қақтығыстардың көп бөлігін ішкі қақтығыстарға да, халықаралық қақтығыстарға да бірдей жатқызуға болады. Егер ХХ ғасырда қақтығыстың бір тарапына азаматтық соғыс ретінде, ал екінші тарапына – мемлекетаралық қарулы қақтығыс болып көрінетін аралас сипаттағы қақтығыстардың саны мардымсыз (мысалы, 1950 жылғы Кореяда орын алған оқиғалар, 1960-1970 жж. Вьетнамда болған қақтығыстар, 1971 жылғы Үндістан мен Пәкістан арасындағы Бангладеш мәселесі үшін туындаған жанжал) болса, ХХІ ғасырдың басында ұйымдастыруда және дамытуда сыртқы күш белсенді рөл атқарған ішкі мемлекеттік қарулы қақтығыстардың саны артты. Оған қоса, ішкі мемлекеттік болып туындаған қақтығыстардың халықаралық қақтығыстарға айналу ықтималдығы жоғары. Бұл қарсыласушы тараптарға қақтығыстардың құқықтық мәртебесі туралы көзқарасты өзгертіп бұрмалауға мүмкіндік береді және халықаралық гуманитарлық құқық нормаларын жүзеге асыруды, соның ішінде журналистердің құқықтарын қорғаумен байланысты жағдайды күрделендіреді [4].

Журналистердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жазасыздық мәселесін шешу бойынша БҰҰ-ның 2012 жылғы сәуірде қабылданған іс-қимыл жоспары бойынша БҰҰ агенттіктері, қорлары мен бағдарламалары жанжал және қақтығыс жағдайларында журналистер мен БАҚ қызметкерлері үшін еркін және қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету үшін мүше мемлекеттермен байланыс ұстап, бірігіп жұмыс істеуі қажет [5].

Соңғы онжылдықта, соның ішінде Қауіпсіздік Кеңесі мен БҰҰ Бас Ассамблеясында қарулы қақтығыс кезінде азаматтық тұлғаларды және олардың сөз бостандығы құқықтарын қорғау жөнінде қабылданған көптеген қарарларға қарамастан, қызметін атқару барысында қаза тапқан журналистердің статистикасы сол қалпы қорқынышты болып қала береді: соңғы онжылдықта кәсіби міндеттерін атқару барысында 700-ден астам журналист өлтірілген. Жер аударылған және түрмеде отырған журналистер саны да өсуде. Сонымен бірге, журналистер өлімінің көбеюі халықаралық-құқықтық реттеудің жетілмегендігінен емес, қарулы қақтығыс аймақтарында БҰҰ қарарлары мен халықаралық гуманитарлық заңдардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін және бақылайтын құралдардың жетіспеушілігінен болып отырғаны бірнеше рет атап өтілді.

Соңғы жылдары қарулы қақтығыс аймақтарында қаза тапқан журналистер санының артуына байланысты БҰҰ Бас хатшысының Журналистердің қауіпсіздігі жөніндегі арнайы

өкілі қызметін тағайындау қажеттігі туындайды. Көп комитеттер бұл лауазымды енгізудің орындылығы мен қажеттілігін мойындайды, өйткені БҰҰ Бас хатшысы жанындағы арнайы өкілеттіліктің ресми органының болуы ғана осы мәселені шешу үшін тығыз ынтымақтастықты қалыптастыруға, халықаралық қауымдастық қарулы қақтығыстарда журналистердің қаза табуы мәселесін қарастырған кезде бұл мәселеге саяси салмақ беруге, әрекеттердің жеделдігі мен заңдылығын қамтамасыз ете отырып, қарулы қақтығыстардағы журналистердің құқықтарын қорғау және барлық мүдделі тараптардың жазасыз қалу мәселесін шешу жөніндегі жұмысын үйлестіруге мүмкіндік береді.

Журналистерге қолдау көрсететін және олардың заңдық құқықтарының бұзылғанын қарастыратын нақты сот процестерінде журналистерге құқықтық қолдау көрсететін институттардың болмауының кесірінен соғыстың құрбаны ретінде журналистердің құқықтарын қорғаудың сот тәжірибесі бүгінде өте мардымсыз. құқықтар. Бейбіт тұрғындар арасындағы соғыстың құрбандарының саны едәуір көп, сондықтан қазіргі заманғы заң тәжірибесінде осы тұрғыда журналистердің құқықтарын қорғау мәселесі қажетті деңгейде бағаланбай отыр. Сонымен қатар, шын мәнінде журналист – қақтығысқа қатысушылардың бірі, соған байланысты қарулы қақтығыс салдарынан зардап шеккен журналистті соғыстың құрбаны ретінде қабылдау қиындық тудырады. Осының салдарынан халықаралық және халықаралық емес сипаттағы қарулы қақтығыстар кезінде шетелдік журналистерге ғана қатысты қорғауды күшейтудің орындылығы жөнінде пікірлер айтылады.

Журналистердің құқықтарын қорғауды және журналистерге, қарулы қақтығыстардың құрбандарына, келтірілген зиянды өтеуді қамтамасыз ететін сот төрелігінің баламалы түрлерін әзірлеу қажет. Атап айтқанда, халықаралық өтемақы комиссияларының қызметін жандандыру; жарақат алған журналистер азаматтары болып табылатын елдердегі журналистердің құқықтарының бұзылуын тергеу жөніндегі ұлттық комиссиялардың қызметін жеңілдету (жалпыға бірдей юрисдикция құқығы) қажет.

Сондай-ақ, ұлттық деңгейде, әскери қарулы әрекеттерді тоқтату және қылмыскерлердің жазасыз қалу мәселесін шешу үшін өтпелі сот төрелігінің тетіктерін белсенді дамыту қажет. Халықаралық емес сипаттағы қарулы қақтығыстардың майдан кезеңінен шыққан елдерде шындық жөніндегі комиссиялардың құрылуы аса маңызды. Олар салыстырмалы түрде қысқа мерзімде халықаралық гуманитарлық құқықтың және адам құқықтары жөніндегі халықаралық заңдардың бұзылуының қоғам назарына ілінген істерін қарап, ашық сот процестерін жүргізеді және сол істер бойынша тиісті баяндамалар мен есептерді дайындайды. Бұл комиссиялардың рөлі жоғары: мемлекеттік реттеудің басқа басымдықтарының болуына, куәгерлердің айғақтар беруден қорқу және басқа да себептерге байланысты кінәлілерді жауапқа тартудің сәттілігі төмен немесе мүмкін емес жағдайда қоғам назарына ілінген ең шулы істерді тудырған себептерді жедел тергеу арқылы олар құқық бұзушылардың жауапкершіліктен жалтаруына жол бермейді, өтпелі кезеңде жауаптылықтың нысаны мен шараларын анықтайды.

Мемлекет ішінде «шиеленіс нүктелеріндегі» оқиғалар жайлы баяндауға қажет кәсіби дайындық шеңберінде журналистерге арналған білім беру бағдарламаларын белсенді дамыту, БАҚ-тың құрылтай құжаттары мен кәсіби журналистік этика кодексінің халықаралық құқыққа сәйкестігін бақылау, қоғамдық-құқықтық ұйымдардың жұмысын қолдау, ақпараттық саладағы жанжалдарды шешу мәселелерімен жүйелі түрде айналысатын журналистердің құқықтарын қорғау саласында жұмыс істейтін консультациялық орталықтар мен қоғамдық кеңестер тиісті құқықтардың бұзылуының санын азайтуға көмектеседі.

Журналистерді және олардың қарулы қақтығыстардағы құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету механизмін жетілдіру бойынша төмендегі шараларды жүзеге асыру ұсынылды:

- қаржылық кепілдіктер механизмін қалыптастыру (мысалы, ұлттық деңгейде журналистердің кәсіби тәуекелдерін сақтандыру тетіктерін дамыту) арқылы қарулы қақтығыстар жағдайында журналистердің, соның-ақ өз бетінше тәуелсіз қызмет атқаратын

журналистердің, бұзылған құқықтарын өтеуге арнайы халықаралық өтемақы комиссияларын қалыптастыру;

- сөз бостандығы және пікірді еркін білдіру құқығы бұзылған жәбірленушіге қатысты ықтимал зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған сақтық шараларын әзірлеу мен жүзеге асыру шараларын жетілдіру;

- қарулы қақтығыстар кезінде БАҚ-тың жұмысын жүзеге асыратын мейлінше барлық адамдарға қорғау кепілдіктерін беру;

- халықаралық гуманитарлық құқықтың жүзеге асырылу аясын халықаралық және халықаралық емес сипаттағы қарулы қақтығыстарды ғана емес, сонымен қатар жоғары деңгейді тұрмыстық зорлық-зомбылық (мысалы, азаматтық тәртіпсіздіктер, мақсатты кісі өлтіру, ұрлау, рұқсат етілген және рұқсат етілмеген митингтер) орын алатын ішкі мемлекеттік қақтығыстарға да кеңейту;

- қарулы қақтығыстарда журналистердің құқықтарын қорғаудың халықаралық-құқықтық және мемлекет ішілік тетіктерін жетілдіру;

- сөз бостандығы құқығын жүзеге асырудың жағдайларын қамтамасыз етудің өзекті мәселелері бойынша арнайы баяндамашылардың пікірлерін бейнелейтін тақырыптық, жылдық және ел бойынша есептерді, бірлесіп әзірленген мәлімдемелерді жүйелі түрде дайындау қажет.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, іс жүзінде құқықтық нормалар сақталады. Бірақ, олардың жиі бұзылып, журналистің өміріне қауіп төндіретіні рас. Қарулы қақтығыс аймағында журналистерді қорғау мәселесі өзекті бола отырып, жақын болашақта жетілдіріліп, нормативті түрде шоғырландырылады деп ойлаймын.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. «Журналистердің құқықтарын қорғау комитетінің» ресми сайты. Журналистердің кәсіби қызметін атқару кезінде қайтыс болу статистикасы (1992 жылдан бергі статистика) [Электрондық ресурс]. Кіру режимі: <https://cpj.org/data/killed/>

2. «Журналистердің құқықтарын қорғау комитетінің» ресми сайты. Журналистердің кәсіби қызметін атқару кезінде түрмеге қамалу статистикасы (1992 жылдан бергі статистика) [Электрондық ресурс]. Кіру режимі: <https://cpj.org/data/imprisoned/>

3. 1949 жылғы 12 тамыздағы Женева конвенцияларына Халықаралық қарулы қақтығыстардың құрбандарын қорғауға қатысты қосымша хаттама (I және II Хаттама), 8 маусым 1977 ж. [Электрондық ресурс]. Кіру режимі: <https://www.icrc.org/ru/doc/resources/documents/misc/6lkb3l.htm>

4. Соғыс уақытында азаматтық адамдарды қорғауға қатысты (IV) конвенция. Женева, 1949 жылғы 12 тамыз. [Электрондық ресурс]. Кіру режимі: <https://www.icrc.org/ru/doc/resources/documents/misc/geneva-convention-4.htm>

5. Журналистердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жазасыздық мәселесі бойынша БҰҰ іс-қимыл жоспары. [Электрондық ресурс]. Кіру режимі: https://en.unesco.org/sites/default/files/un-plan-on-safety-journalists_ru.pdf